

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасының Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 1488 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 2 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасының Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>	
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 1	ж ы л ғ ы 8	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1 4 8 8	қ а у л ы с ы м е н	
б е к і т і л г е н		

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасының Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім**

(2012 жылғы 16 қаңтарында күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2012 ж., N 3, 32-құжат)

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасының Үкіметі, ұйымдасқан қылмыстың, есірткінің заңсыз айналымының, терроризмнің, шекара арқылы адамдардың, көлік құралдарының, жүктердің заңсыз өтуінің және қылмыстың өзге де түрлерінің алдын алу және оларға қарсы тиімді күресу мақсатында ынтымақтастықтың маңызды мәні бар екеніне көз жеткізе отырып, бүкіл әлемде есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдаланудың және олардың заңсыз айналымының өсуіне алаңдаушылық білдіре отырып, терроризмге қарсы тиімді күрес жүргізуге үшін өздерінің ерікті түрде бірлескендерін растай отырып, заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөнінде тиімді шаралар қабылдауға ниет білдіре

О т ы р ы п ,  
төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар өздерінің ұлттық заңнамаларының, сондай-ақ Тараптардың мемлекеттері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың шеңберінде ұйымдасқан қылмыстың және қылмыстың өзге де түрлерінің алдын алуды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді қоса алғанда, оның ішінде ақпарат алмасу және сұрау салуларды орындау жолымен оларға қарсы күрес саласында ынтымақтасады.

## 2-бап

1. Тараптар мынадай қылмыс түрлеріне:

- құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді заңсыз өсіру, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын заңсыз дайындауға, контрабандасына, оларды дайындауға пайдаланылатын құралдардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымына, сондай-ақ заңсыз саудалауға;

- заңсыз жолмен табылған ақшаларды немесе сатып алынған өзге де мүліктерді заңдастыруға ;

- терроризмге ;  
- заңсыз көші-қонға ;

- адамдарды жезөкшелікке пайдалануға және саудалауға ;  
- қолдан жасалған ақшалар мен құнды қағаздарды әзірлеуге және өткізуге ;

- меншікке қарсы қылмыстарға ;  
- құжаттарды, төлем карточкаларын және өзге де есеп айырысуға және төлем құжаттарын қолдан жасауға және өткізуге ;

- қоршаған ортаға қарсы қылмыстарға ;

- әсері күшті улы және жарылғыш заттардың, қару-жарақтың, әскери техниканың, жару құрылғыларының, атыс қаруының және оның оқ-дәрілерінің, ядролық, химиялық, биологиялық және жаппай қырып-жою қаруының басқа да түрлерінің, жаппай қырып-жою қаруын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін материалдар мен жабдықтардың контрабандасына ;

- мәдени игіліктермен заңсыз сауда жасауға ;  
- экономикалық қылмыстарға ;

- компьютерлік қылмыстарға ;  
- заңсыз әскерилендірілген құрылымдарды ұйымдастыруға, оларға қатысуға және жалдануға ;

- халықаралық қорғалатын ұйымдар мен адамдарға шабуыл жасауға ;

- адамдарды кепілге алуға ;

- салық заңнамасын бұзуға, сондай-ақ мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелерді орындамауға;

- сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстарға қарсы күресте ынтымақтасады.

2. Тараптардың келісімімен ынтымақтастық қылмыстың басқа да түрлеріне қарсы күресте іске асырылуы мүмкін.

3. Қылмысқа қарсы күрестің әр түрлі салаларында және криминалистикалық техника жөнінде өзара ақпарат алу үшін мамандармен, сондай-ақ криминалистика және криминология саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен алмасады.

### 3-бап

Құрамында есірткі заттар бар өсімдіктерді заңсыз өсіруге, дайындауға, әкелуге, әкетуге және есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын транзиттеуге, оларды дайындауға пайдаланылатын құралдардың және жабдықтардың заңсыз айналымына, сондай-ақ олармен сауда жасауға қарсы күресу мақсатында Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының шеңберінде бәрінен бұрын:

- есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңды айналымын бақылау саласындағы жұмыс тәжірибесімен алмасатын, сондай-ақ прекурсорлардың заңды айналымнан заңсыз айналымға шығып кету көздерін жасыру тәсілдері туралы ақпаратпен алмасу;

- Тараптар осындай деп таныған есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңды айналымнан заңсыз айналымға шығуын болдырмауға бағытталған шараларды бірлесіп жүзеге асыру;

- есірткі құралдарын дайындауға, контрабандасына немесе оларды саудалауға қатысты адамдар туралы деректермен, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды жасырған орындар, көлік жолдары мен құралдары, шығу жерлері мен жеткізу пункттері, сондай-ақ нақты қылмыстық істердің ерекше детальдары туралы ақпарат алмасу;

- бір-біріне есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының өсімдік тектес және жасанды түрлерінің жаңа үлгілерін ұсыну, сондай-ақ оларды заңсыз әзірлеуге пайдаланылатын жабдықтар мен технологиялар туралы ақпарат алмасу;

- есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын заңсыз дайындауға қарсы күресте жедел-іздігіру іс-шараларын бірлесіп жүзеге асыру болады.

### 4-бап

Осы Келісімге және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптардың құзыретті органдары терроризмге қарсы күресу мақсатында өзара мүддені білдіретін, о н ы ң і ш і н д е :

- жекелеген адамдардың, топтардың немесе ұйымдардың екінші Тараптың мемлекетіне қатысты терроризм актілерін жасау туралы анықталған пиғылдарын;  
- мемлекеттер, шетел үкіметтері басшыларына және халықаралық ұйымдардың мүшелеріне қарсы бағытталған дайындалып жатқан терроризм актілері туралы ақпарат алмасу жолымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Ақпарат алмасу мүдделі Тараптың көмек көрсету туралы немесе осындай ақпарат екінші Тарап үшін қызығушылық тудырады деп есептейтін Тараптың бастамасы бойынша сұрау салу негізінде жүзеге асырылады.

## 5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары шеңберінде заңсыз көші-қонға қ а р с ы к ү р е с у м а қ с а т ы н д а :

- Тараптар мемлекеттері тарапынан болған мемлекеттік шекараны бұзу фактілері т у р а л ы ;

- қаруды, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың ұқсастарын және прекурсорларын, жарылғыш, улы және радиоактивтік заттарды заңсыз әкелуге әрекет ету фактілері және Тараптар мемлекеттерінің осы фактілер үшін ұ с т а л ғ а н а з а м а т т а р ы т у р а л ы ;

- Тараптар мемлекеттері азаматтарының және басқа да мемлекеттер азаматтарының шекарадан өтуге құқық беретін құжаттарды қолдан жасау анықталған фактілері туралы ақпарат алмасады.

## 6-бап

Тараптар ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласында ынтымақтасу мақсатында, өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес:

- ұйымдасқан қылмысқа қатысы бар адамдар, әсіресе, оны ұйымдастырушылар т у р а л ы д е р е к т е р а л м а с а д ы ;

- ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қауымдастықтар туралы ақпарат алмасады;

- олар жасаған қылмыстардың мән-жайы, атап айтқанда, қылмыс жасаған уақыты, орны және тәсілі, қолсұғушылық объектілері, ерекшеліктері, сондай-ақ олардың қылмыстық әрекеттерінің Тараптар мемлекеттерінің ұлттық қылмыстық заңнамасымен жіктелуі туралы ақпарат алмасатын болады.

Деректер мен ақпарат алмасу әрбір нақты жағдайда қоғамдық қауіпсіздікке елеулі қауіп төндіретін қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тергеу үшін жүргізіледі;

- жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу кезінде өзара іс-қимыл жасасатын болады

және осы мақсатта келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыратын және өзара кадрлық, материалдық және ұйымдастырушылық көмек көрсететін болады;  
- қылмыс жасау кезінде қолданылатын құралдардың үлгілерін бір-біріне беретін болады.

## **7-бап**

Осы Келісімнің шеңберінде ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күрес саласында бірлескен немесе өзара кәсібилігін арттыру үшін Тараптар мамандар алмасуды жүзеге асырады.

## **8-бап**

1. Көмек көрсету туралы сұрау салу жазбаша түрде жіберіледі. Сұрау салу, растайтын құжаттар және одан кейінгі хабарламалар Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасында тікелей жолданады. Сұрау салуда:

- 1) сұрау салатын және сұрау салынатын органның атауы;
  - 2) көмек сұралып отырған істің атауы;
  - 3) сұрау салудың мазмұны, сондай-ақ оны орындау үшін қажетті мәліметтер болуы
- к е р е к .

2. Сұрау салу, растайтын құжаттар және одан кейінгі хабарламалар сұрау салынған Тараптың мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне аударылады. Көрсетілген құжаттар сұрау салатын органның елтаңбалы мөрімен куәландырылады және басқа куәліктендіруді немесе түпнұсқалық куәландыруды қажет етпейді.

3. Егер сұрау салынатын Тарап сұрау салуда ұсынылған ақпаратты жеткіліксіз деп есептесе, ол қосымша ақпарат сұрай алады. Тараптардың құзыретті органдары сұрау салуларды бірінші кезекте орындауға қабылдайды.

## **9-бап**

Тараптар осы Келісімде көзделген ынтымақтастыққа ықпал жасау және бағалау үшін екі Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдарының басшы қызметкерлерінің ішінен Бірлескен комиссия құрады. Тараптар комиссияның құрамы туралы бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды. Бірлескен комиссия қажет болған жағдайда өзі арнайы тағайындаған сарапшыларды тартуы мүмкін. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Бірлескен комиссияның өкілеттіктері мен регламенті Тараптардың жеке келісімдері жолымен анықталады.

## **10-бап**

Егер де Тараптардың бірі сұрау салуды орындау немесе өзара іс-қимыл жасау шеңберінде нақты іс-шараларды жүзеге асыру оның егеменді құқықтарын шектеуге, қауіпсіздігіне немесе басқа да маңызды мүдделеріне қауіп төндіруге немесе белгіленген құқықтық тәртіп қағидаттарын бұзуға әкеп соғуы мүмкін деп есептесе, онда көмек көрсетуден немесе осы іс-шараны орындаудан толық немесе ішінара бас тартулар болуы немесе белгілі бір шарттар қойылуы мүмкін.

## 11-бап

Тараптар осы Келісімге және Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы ұлттық заңнамаларына сәйкес адамдар туралы деректерді беру кезінде мынадай ережелер қ о л д а н а д ы :

- алушыға деректерді беруші Тарап жазып берген мақсаттар мен шарттарда ғана п а й д а л а н у ғ а ж о л б е р і л е д і ;

- сұрау салу жағдайында деректерді алушы олардың пайдаланылуы және бұл ретте алынған нәтижелер туралы беруші Тарапқа хабарлайды;

- адамдар туралы деректер осы Келісімнің 13-бабында аталған Тараптар мемлекеттерінің орталық құзыретті органдарына ғана берілуі мүмкін. Бұдан әрі деректерді басқа органға беру берген тараптың алдын ала келісімімен ғана жүзеге а с ы р ы л а д ы ;

- беруші орган адам туралы деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді және сұрау салудың мақсаттары мен мазмұнының шегінде және оларға сәйкес берудің қажеттілігіне көз жеткізеді. Егер де мұндай әрекет мемлекеттердің ұлттық заңдарының бірінің қағидасын бұзады немесе тиісті адамдардың заңмен қорғалатын мүдделеріне қысым жасауы мүмкін деп болжауға негіз болса, онда адамдар туралы деректерді беру жүзеге асырылмайды. Егер қате деректер немесе берілмеуі тиіс деректер берілген болса , алушы органға бұл туралы дереу хабарланады. Алушы орган бұл деректерді түзейді н е м е с е ж о я д ы .

Жеке сипаттағы деректерді беруге қатысты барлық жағдайларда Тараптар беруші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасының ережелерін басшылыққа алады.

## 12-бап

1. Егер Тараптардың бірі ақпаратты өз мемлекетінің ұлттық заңнамасының ережелеріне сәйкес құпия деп таныса, онда Тараптар алынған ақпараттың құ п и я л ы л ы ғ ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Осы Келісімнің шеңберінде Тараптар алған құжаттама, ақпарат және техникалық жабдықтар беруші Тараптың құзыретті органдарының алдын ала келісімінсіз үшінші тарапқа берілмейді.

## 13-бап

Осы Келісімді орындау мақсатында барлық байланыстар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында белгіленген құзыреттілік шеңберінде орталық құзыретті органдар арасында тікелей жүзеге асырылады.

Мыналар Орталық құзыретті органдар болып табылады:

Қазақстан Республикасы тарапынан:

Б а с п р о к у р а т у р а ;

І ш к і і с т е р м и н и с т р л і г і ;

Ұ л т т ы қ қ а у і п с і з д і к к о м и т е т і ;

Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттік (қаржы полициясы);

Эстон Республикасы тарапынан:

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес осы Келісімде көзделген ынтымақтастықты орындауға уәкілетті кез-келген орган не адам.

Құзыретті органдардың ресми атаулары мен өкілеттіктері өзгерген жағдайда бұл туралы Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне дереу хабарлайды.

## 14-бап

Қажет болған жағдайда бірлескен іс-шараларға дайындық және оларды өткізу үшін Тараптардың орталық құзыретті органдары алдын ала тергеу сатысындағы нақты қылмыстық істер бойынша жұмыс кездесулерін өткізуі мүмкін.

## 15-бап

Осы Келісімнің ережелерінде көзделген ынтымақтастықтың өзге де детальдарын Тараптар немесе олардың өкілеттігі бойынша орталық құзыретті органдар жекелеген келісулер жолымен орнатуы мүмкін.

## 16-бап

Осы Келісімді түсінуге немесе қолдануға қатысты келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер мен консультациялар жолымен шешеді.

Қажет болған жағдайда Тараптардың тең санды өкілетті өкілдерінен тұратын келісім комиссиясы құрылады, оған даулы мәселелерді реттеу жөніндегі міндеттер жүктеледі.

## 17-бап

Егер әрбір нақты жағдайда басқаша тәртіп келісілмеген болса, Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындаған шығыстарды өз бетінше көтереді.

## **18-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Хаттамалармен ресімделеді.

## **19-бап**

Осы Келісім Тараптардың өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа екіжақты немесе көпжақты шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды және Тараптардың ынтымақтастықтың өзге де өзара ыңғайлы нысандарын әзірлеуге және дамытуға бөгет жасамайды.

## **20-бап**

Осы Келісім қол қойылған сәтінен бастап уақытша қолданылады және әрбір Тараптың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындау туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

## **21-бап**

Ол Келісім белгіленбеген мерзімге жасалды және Тараптардың бірі екінші бір Тарапқа өзінің осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы хабарлаған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады. \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, эстон және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Эстон Республикасының  
Үкіметі үшін*